



Қаражар елді мекені
Тел / Факс 8 (713 45) 75-0-00
75-0-02

№ 60 / 07-03

село Қаражар
1 қыркүйек 2022 жыл

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 тамызда № 8629 қаулымен тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 04 шілдедегі даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы № 258 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 5-бабының 44-5-тармақшасына, 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №499 қаулысына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 11-3 тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

§ 1

Ақтөбе облыстық ПМПК ның 05 мамыр 2022 жылғы №23194 санды қорытындысының шешімі бойынша денсаулығында ақауы бар Шаманов Тұрсынбек Бауыржанұлын «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша 5 сыныпқа қабылданып, үйден оқытылуға жатқызылсын және оны психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларына сәйкес оқытуды жүргізу жауапкершілігін мұғалім К.Танатоваға тапсырамын және оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 9-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымшасы негізіндегі 10-тарау қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспарын басшылыққа ала отырып арнайы жоспар жасауды міндеттеймін.

§ 2

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастыру туралы талабына сәйкес Шаман Тұрсынбек Бауыржанұлын оқытуды жүргізілу бағыты мен оны дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және психологиялық жағдайдың жасалуын бақылауға алуды оқу ісі жөніндегі орынбасарым М. Шетееваға ал оның даму динамикасын, жетістіктерін қадағалап мүмкіндігінше бос уақытында сыныптан тыс шараларға қатысуын қамтамасыз етуді тәрбие жөніндегі орынбасарым Д.Ж. Мергенбаевқа тапсырамын.

§ 3

Осы бұйрықтың орындалуын өз жауапкершілігімде қалдырамын

Қаражар орта мектебінің директоры:  С. Ш. Қ а л и е в